

XFTAP 16.41.25

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss4pp71-81](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss4pp71-81)

Л.Ә. Еспекова

Ф.ғ.к., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000,
Қазақстан Республикасы

ХОТОН ТІЛІНДЕГІ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР

Мақалада әлі толық зерттеле қоймаған, жойылып бара жатқан тілдер қатарына жататын хотон тілі қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде хотон тіліндегі дауыссыз дыбыстар алынды. Жұмыстың негізгі мақсаты – түркі тілдер тобына жататын хотон тіліндегі дауыссыз дыбыстардың құрамын талдау. Мақалада хотон тіліндегі дауыссыз дыбыстардың саны, олардың жасалу ерекшеліктері нақты тілдік деректер негізінде талданады.

Жұмыста хотон тілінің дыбыстық жүйесіне тән ерекшеліктер сараланып, түркі тілдеріне тән ортақ заңдылықтар айқындалды. Жалпы кез келген тілдің дыбыстық құрамын, ерекшелігін, заңдылықтарын айқындауда туыстас тілдермен салыстыра зерттеу маңызды болып табылады. Хотон тілінің дыбыстық жүйесіне тән ерекшеліктерді айқындауда қазақ, қырғыз тілдерімен салыстыра қарастыру дауыссыз фонеманың даму жолдарын, фонологиялық жүйедегі өзгерістерін анықтауға септігін тигізеді. Сондықтан жұмыста хотон тіліндегі дауыссыз дыбыстар құрамы түркі тілдерімен, оның ішінде қазақ және қырғыз тілдерімен салыстырыла беріледі. Тілдік деректер негізінде хотон тіліндегі дауыссыздардың акустика-артикуляциялық ерекшеліктері сараланды. Дауыссыз дыбыстардың сөздің бірінші буынында, сөз ортасында, сөз соңында қолданылу позициялары, кейбір дауыссыздардың сөз басында қабаттаса қолданылу сипаты да талданды.

Хотон тіліндегі дыбыстық өзгерістерді саралай отырып, оның ішкі заңдылықтарын басқа түркі тілдерімен салыстыру барысында туыстық байланыстары анықталды. Сонымен қатар кейбір дыбыстардың жасалу жолдарына сипаттама беріліп, қазіргі қазақ әдеби тілімен сәйкес келетін жайттар талданды. Хотон тіліндегі кейбір дыбыстардың пайда болуына сыртқы факторлардың әсері, оның белгілі бір дәрежеде тілге ықпалы байқалады. Хотон тіліндегі дауыссыз дыбыстардың түркі тілдеріне ыңғайлас келуі, дауыс қатысына қарай топтаудағы ұқсастықтар, көптеген дауыссыз дыбыстардың ортақтығы нақты тілдік деректер негізінде көрініс тапты.

Кілт сөздер: хотон тілі, қазақ тілі, қырғыз тілі, түркі тілі, дауыссыз дыбыстар, үн, салдыр.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Түркі тілдер тобына жататын тілдердің даму тарихы әртүрлі. Олардың ортақ белгілерімен қатар, әр тілдің өзіне тән ерекшеліктері де кездеседі. Бұл, әрине, сол тілдің қалыптасу, даму тарихымен байланысты екені дау тудырмайды. Түркі тілдер тобына жататын тілдердің бірі – хотон тілі. Қазіргі таңда бұл тіл жойылып бара жатқан тілдер қатарына жатады. Хотон тіліне қатысты алғашқы деректерді Г.Н.Потанин, Б.Владимирцов, А.Самойлович еңбектерінен кездестіреміз [1, 182]. Бүгінгі күні ғалым Ж.А.Жақыповтың жетекшілігімен «Жоғалып бара жатқан түркі тілдерін пәнаралық тұрғыдан зерттеу: Монғолиядағы хотон этнотобы» жобасы аясында хотон тіліне қатысты арнайы зерттеулер жүргізіліп жатыр.

Жұмысымызда осы тілдегі дауыссыз дыбыстар құрамы қарастырылады. Кез келген тілде дыбыстар сөзді жасауға, оны құрастыруға, танып-білуге қызмет етеді. Сондықтан хотон тіліндегі дауыссыз дыбыстардың құрамын айқындау маңызды болып табылады. Тілдегі

дыбыстардың тіркесу, үндесу ерекшеліктерін дауыссыз дыбыстардың сандық, сапалық сипатын саралау барысында ғана қол жеткіземіз.

Қазіргі таңда хотон тілі жойылып бара жатқан тілдер қатарына жататындықтан, зерттеу нәтижесінде бұл халықтың дыбыстық жүйесіне қатысты құнды деректер жинай аламыз. Осы тілге байланысты жинақталған сөздіктердегі материалдарға сүйене отырып, хотон тіліндегі дауыссыздар құрамын, қазіргі түркі тілдерімен сабақтастығын айқындаймыз. Жалпы хотон тіліне қатысты зерттеулер тіл мамандарына, түркітану ғылымымен айналысатын мамандарға тіл тарихын зерттеуде қажет материал болып саналады.

КІРІСПЕ

Түркі этностарының тобына жататын хотондар Моңғолияның Уас аймағында мекендейді. Қазіргі таңда бұл халықтың тілі жойылып бара жатқан тілдер қатарында. «XX ғасырдың басында орыс ғалымдары Григорий Потанин мен Борис Владимирцов жүргізген Хотон этнотипі туралы алғашқы зерттеулер хотон тілінің түркі халқы тіліне тиесілі, ал антропологиялық ерекшеліктері Шығыс Түркістанның отырықшы халықтарына ұқсас екенін пайымдады» [1, 180]. Түркі тілдер тобына жататын хотон тілінің дыбыстық жүйесі зерттелмеген. Бұл тақырыптың өзектілігін әрі маңыздылығын таныта түседі. «Phonetics is related to other areas of the language, because without sound, accent, and tone, there would be no syllable, word, phrase, or sentence» [2, 84]. Кез келген тілдің ерекшелігін, заңдылықтарын айқындауда туыстас тілдермен салыстыра қарастыру маңызды болып табылады. Туыстас тілдердің ортақ ерекшеліктерін саралай отырып, жеке тілдің белгілері анықталады. Осы мақсатта хотон тіліндегі дауыссыз дыбыстар құрамын қазақ, қырғыз тілдеріндегі дауыссыздармен салыстыра қарастырдық.

Хотон тілінде дауыссыз дыбыстар саны (20) дауысты дыбыстарға қарағанда әлдеқайда көп. Олардың саны, да, құрамы да әртүрлі. «The sound system of Turkic languages has undergone many changes throughout history and has survived to this day. These changes occur in both vowels and consonants» [3, 109]. Түркі тілдерінде дауыссыз дыбыстар санының әртүрлі болуы әр тілдің қалыптасу тарихымен, дыбыстық жүйедегі өзгерістерге байланысты екені сөзсіз. Кез келген халықтың тарихи дамуына әлеуметтік, географиялық жағдайдың салдары болады. Экстралингвистикалық фактор тілдің тек лексикалық қорына ғана емес, фонетикалық жүйесіне де белгілі дәрежеде ықпал жасайды [4, 50]. Хотон тіліндегі дауыссыздар құрамының әртүрлі болуы да тілдің қалыптасу, даму тарихымен байланысты екені сөзсіз.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Хотон тілінің дыбыстық жүйесін саралауда шетелдік ғалымдар Б.Я.Владимирцов, С.Е.Малов, А.М.Щербак, Т.С.Садыков, К.Т. Токтоналиев, отандық ғалымдар М.Томанов, С.Мырзабеков, Ә.Жүнісбек, Ж.А.Жақыпов және т.б ғалымдардың еңбектері негізге алынды. Мақалада талдау, жинақтау, салыстыру, сипаттау, саралау әдістері пайдаланылды.

Зерттеу жұмысында салыстырмалы әдіс негізгі әдістердің бірі болып табылады. Хотон тілі түркі тілдер тобына жататындықтан, оның дыбыстық жүйесін туыстас түркі тілдерімен салыстыра қарастырған жөн. Қазіргі таңда хотон тілі жойылып бара жатқан тілдер қатарында қарастырылады.

Жұмыста салыстыру әдісін пайдалана отырып, хотон тілінің дыбыстық жүйесінің ерекшеліктері айқындалады. Туыстас тілдердің, оның ішінде қазақ, қырғыз тілдерімен жанасатын тұстарын талдай отырып, хотон тілінің фонологиялық жүйесіндегі өзгерістерді, дауыссыз дыбыстардың даму жолдарын, ортақ белгілерін анықтауға толық мүмкіндік бар.

Хотон тіліндегі дауыссыз дыбыстардың құрамын, түрлі дыбыстық өзгерістерді анықтау мақсатында, ол өзгерістердің себептерін саралауда талдау, жүйелеу, жинақтау, салыстыру әдістері жиі қолданылды. Жеке бір тілдің ерекшелігі сол тілге жақын туыстас тілдермен салыстыру, талдау барысында айқындалатыны анық. Туыстас тілдерге тән ортақ

зандылықтарды анықтай отырып, жеке тілдің жалпы сипатын, айырмашылығын танып білеміз. Сондықтан жұмысымызда салыстырмалы әдіс негізгі әдістер қатарына жатады.

Салыстырмалы әдісті басшылыққа ала отырып, мынандай жетістіктерге қол жеткіземіз:

1) хотон тілін туыстас тілдермен салыстыра отырып, оның ұқсас жақтарымен қатар, өзгерістердің пайда болу себептерін айқындаймыз;

2) туыстас тілдердің ішінде нақты қай тілге жақын екендігін анықтай аламыз. Барлығы түркі тілдер тобына жататын туыстас тілдер болғанымен, олардың жақындық дәрежесі бірдей болмайды. Сондықтан жұмысымызда нақты тілдік деректер негізінде туыстас тілдермен жақындық дәрежесі сараланады.

НӘТИЖЕЛЕР

Дауыссыз дыбыстар – өкпеден шыққан ауаның ауыз қуысында кедергіге ұшырауы нәтижесінде пайда болатын дыбыстар. Бұл дыбыстардың жасалуында дауыс желбезегі толық қатыспайды, акустикалық жағынан үн мен салдырдан тұрады.

Хотон тілінде 20 дауыссыз дыбыс кездеседі: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, ч, х, ш, ц. Дауыссыздар құрамында қазіргі түркі тілдерінде кездесетін у, қ, ң, ф, һ дыбыстары мүлдем кездеспейді. Бұл әр тілдің қалыптасу тарихымен тікелей байланысты. Бұған сыртқы факторлардың да әсері бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Хотон тілі де тарихи даму барысында түрлі өзгеріске ұшыраған тілдердің қатарына жатады, дегенмен де бұл тілдің туыстас тілдерден өзіндік ерекшеліктері болатынын жоққа шығара алмаймыз. Хотон тілі дыбыстық құрамы жағынан көптеген түркі тілдерінен ерекшеленеді.

Хотон тіліндегі дауыссыз дыбыстар құрамы мынандай жүйе бойынша талданды:

1) сөз басында, сөз ортасында және сөз соңында кездесетін дауыссыз дыбыстар;

2) дауыстың (үн мен салдыр) қатысына қарай;

3) жасалу орнына қарай;

Сөз басында 18 дауыссыз дыбыс (б, в, г, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, с, т, ч, х, ш, ц) жиі ұшырасады, ал [ғ] және [р] дыбыстары сөз басында кездеспейді. Үн мен салдырдың қатысына қарай 3 топқа жіктелді, оның ішінде үнділер: л, м, н, р, й (5); ұяндар: б, в, г, ғ, д, ж, з (7); қатаңдар: п, к, с, т, ч, х, ш, ц (8).

Хотон тіліндегі дауыссыз дыбыстарды жасалу орнына қарай 3 топқа жіктедік:

1) ерін дауыссыздары : б, п, м (3)

2) тіс пен ерін дауыссыздары: в (1)

3) тіл дауыссыздары: г, ғ, д, ж, з, й, к, л, н, р, с, т, ч, х, ш, ц (16).

Хотон тіліндегі дауыссыз дыбыстар құрамында басқа түркі тілдерімен ортақ ұқсастықтар да кездеседі. Әсіресе, [Б] мен [П] дыбыстарының алмасуын айтуға болады. Хотон тілінде сөздің соңындағы [Б] қазақ тіліндегі [П] дауыссызына сәйкеседі. Ұяң дауыссыздардың қатаң болып өзгеруі көне түркі жазба ескерткіштерінде де ұшырасып отырады. Жалпы бұл фонемалар түркі тіліндегі көне фонемалар болып саналады.

Хотон тілінде өте жиі қолданылған фонемалардың қатарына [К] және [Г] дауыссыздары жатады. Бұл дыбыстар сөздің барлық шенінде қолданылады әрі қазақ тіліндегі [К] дауыссызына сәйкес келеді. Сонымен қатар қырғыз тіліндегі [К] және [Г] фонемаларына жақын болып келеді. Хотон тілінде [Ғ] дыбысы да ұшырасады, бірақ бұл дыбыс сөз ортасында не соңында ғана кездеседі әрі бұл дыбыспен қолданылатын сөздер тобы өте аз.

Келесі ерекше фонемалардың бірі – [Ч] дыбысы. Бұл дыбыс та сөз ішінде барлық позицияда қолданылады. Қазіргі таңда көптеген түркі тілдерінде бұл фонема кездеспейді. Бұл дыбыс қолданылу жиілігі жағынан, жасалу сипатына қарай қырғыз тіліндегі [Ч] дыбысына ұқсайды.

Келесі дыбыстар тобы – [ш], [с], [з] дауыссыздары. Бұл үш дыбыс та сөздің барлық шенінде кездесе береді. Қолданылу сипаты жағынан хотон тіліндегі [ш] дыбысы қазақ тіліндегі [с] дыбысымен, ал хотонның [с] дыбысы қазақтың [з] дыбысымен сәйкеседі.

[P] дыбысы хотон тілінде сөздің ортасы мен соңында ұшырасады. Бұл дыбыс сөз соңында қолданылғанда бірде [ь] белгісімен, бірде [ъ] белгісімен беріледі. Бұл [p] дыбысының хотон тілінде жуан не жіңішке айтылу ерекшелігімен байланысты. [P] дыбысының бұл қасиеті түркі тілдерінде де кездеседі. Хотон тілінде сөз соңында [ь] белгісімен, [ъ] белгісімен қолданылу [л] дыбысында да кездеседі.

Хотон тілінде актив фонемалардың қатарын [Й] дыбысы құрайды. Сөз ішінде қолданылу жиілігі өте жоғары, көптеген зерттеушілер [Й] дыбысының бұл қасиетін қазіргі түркі тілдеріне тән қасиет деп таниды. Келесі дауыссыз – [Ж] дыбысы. Сөз басында бұл дыбыстың алдынан [Д] дауыссызының қосылып айтылу ерекшелігі байқалады. Бұл ерекшелік түрік, қырғыз және әзірбайжан тілдерінде ұшырасады.

Қатаң [X] дыбысы сөздің ішінде барлық позицияда кездеседі және де сөздің басында [K] дауыссызымен тіркесе қолданылу ерекшелігі байқалады. [KX] дыбыстық тіркесі қазақ тіліндегі [K] дауыссызына сәйкеседі.

[B] дауыссызы да хотон тілінде жиі ұшырасады. Көптеген зерттеушілер түркі тілдерінде бұл фонеманың қолданыс табуын сөз құрамындағы дыбыстық өзгерістердің нәтижесі деп қарайды. Хотон тіліне қатысты кейбір жазбаларда [B] дауыссызы [W] таңбасымен де беріледі. Сөз шенінде жиі ұшырасатын дыбыс – [Ц]. Сөздің барлық позициясында кездесетін актив фонема. Хотон тілінде жиі қолданылуы монғол тілінің ықпалынан болса керек. Жалпы түркі тілінде бұл дыбыс диалектілер құрамында ғана сақталған. Жалпы хотон тілінде кездесетін дауыссыздар түркі тілдерінің көпшілігінде ұшырасады. Әрине, саны жағынан салыстырғанда сәйкес келетін түркі тілдерін табу қиын. Хотон тілінде кейбір дауыссыздар ұшыраспағанымен дыбыстық сәйкестіктерге қарап, екі дауыссыздың бір дыбысқа ауысқанын да байқауға болады.

ТАЛҚЫЛАУ

Хотон тілінде жиі кездесетін дыбстардың бірі – [B] дыбысы. Ол сөздің барлық шенінде кездесе береді: бар, бер, балалар, бё (ер тоқым), бүркәк (бөрік), бадан нирыкъ (балаң үйрек), барь (барыс), бөрь, булбаг(мата), алыб (алып) және т.б. Бұл дыбыс, әсіресе, сөз басында жиі ұшырасады. [B] дауыссыз дыбысы «қос еріннің тоғысуы арқылы жасалады» [5, 82], дауыссызды айтқанда дауыс желбезегі жартылай тербеледі, сондықтан бұл дыбыс ұяң дыбыстар қатарына жатады. Жоғарыда берілген мысалдардан хотон тіліндегі сөз соңындағы [B] дыбысының қазақ тіліндегі [П] дыбысына сәйкес келетінін көруге болады (б~п): хот. алыб – қаз. алып; хот. зайыб – қаз. зайып, ал [П] дыбысы сөз басында келгенде қазақ тіліндегі [B] дыбысымен алмасады (п~б): хот. паш – қаз. бас.

Орхон-енисей ескерткіштерін зерттеуші ғалымдар қазіргі түркі тілдерінде ұяң дыбыстар қолданылатын позициялардың қатаң болып қолданылатынын (ұяң-қатаң) айтады. Яғни, бұл түркі тілдеріндегі б~п, п~б дыбыстарының алмасуы бұрыннан бар екенін танытады. Әрине, бұл дыбыстық алмасулардың барлығы тілдің даму тарихымен тікелей байланысты екені сөзсіз. Хотон тілінде кездесетін бұл дыбыстық алмасулар оның түркі тілдерінің фонетикалық ерекшеліктерімен сабақтастығын таныта түседі. Таралу аумағының үлкендігіне қарамастан түркі тілдерінің ортақ фонологиялық ерекшеліктер бар. «Despite their huge area of distribution, Turkic languages share essential phonological, morphological, and syntactic features» [6, 163]. Хотон тілінде [б] дыбысымен жарыса қолданылатын дауыссыз – [п] дыбысы. Бұл дыбыс сөз басында және сөз ортасында кездеседі: паш (бас), перләр (пірлер), ялпакъ (жалпак), көпөөн (кәрі). Бұл да [B] дыбысы сияқты қос ерін дауыссызы болып табылады. Бірақ [B] дыбысынан айырмашылығы бұл дыбысты айту кезінде дауыс желбезегі мүлдем қатыспайды. [B] мен [П] дауыссыздары түркі тілдерінде қолданылатын көне ерін фонемалары болып табылады.

Хотон тіліндегі келесі ерін фонемалардың бірі – [M]. Бұл дауыссыз дыбысы «қос (астыңғы және үстіңгі) еріннің тоғысуы арқылы жасалады...Дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады» [5, 88]. Хотон тілінде [m] сөздің басында, ортасында, соңында қолданылатын актив дыбыс: малъ (мал), маралъ (марал), монан (мойын),

бармакъ (бармақ), хальмикъ (қалмақ), улмер (жігіт), тойдм (тойдым), іштім. Бұл да үнді, ерін дауыссыздарының қатарына жатады.

Хотон тіліндегі келесі мұрын жолды дауыссыздардың бірі – [н] дыбысы. [Н] дыбысы тіл ұшы, үнді дауыссыз дыбыс болып табылады. Бұл дыбыс сөз басында, ортасында және аяғында ұшырасады: намсаа, нааяг, ана, тон (киім), йан (өмір), монан (мойын), он.

Хотон тіліндегі келесі дауыссыздардың бірі – [к]. Бұл дауыссыз өте актив фонемалардың қатарына жатады, ол сөздің барлық шенінде қолданыла береді: ак (ақ), ак чичканъ (ақ тышқан), аркаръ (арқар), козь (қозы), кокъ (көк), кушь (күс), кайданъ (қайдан), коянъ (қоян), кызыль (қызыл), кылғанымга (қылғанымға), керек (қырық), таксырь-тақсыр, бармакъ (бармақ), елѣк, элек (тірек, көмек) және т.б. Жоғарыда берілген мысалдардан хотон тіліндегі [к] дыбысының сөздің барлық шенінде қазақ тіліндегі [қ] дауыссызына (к~қ) сәйкес келетінін байқауға болады. Сонымен қатар хотон тіліндегі [г] дыбысы да көбіне қазақ тіліндегі [қ] дыбысына (г~қ) сәйкеседі. Мысалы: хот. газъ – қаз. қаз; хот. гаргай – қаз. қарғай; хот. гульджа – қаз. құлжа; хот. гамчак – қаз. қамшы; хот. гөзә – қаз. көз; хот. гол – қаз. қол және т.б. Ал [ғ] дыбысы хотон тілінде сирек кездеседі: болғон (болған), аған (аға), ұлағ (іні, қарындас), очағ (ошақ) сусғо (ожау), тоғус (тоғыз). Көбіне сөздің ортасында не соңында ұшырасады. Қазіргі қазақ тілінде көптеген зерттеушілер қ~к, ғ~г дауыссыздарын бір дыбыстың үндесім варианты деп қарастырады. Ә.Жүнісбек қ мен к-ні бір фонема, ғ мен г-ні бір фонема дейді. Олардың бір дауыссыздың үндесім варианты екендігі ескеріліп, бір дауыссыз деп қарастыру керектігін айтады [5, 75]. Жалпы жоғарыдағы хотон тіліндегі к, г фонемаларының берілуі қырғыз тілінің жазылу жүйесіне келеді: кыз, тышкары, кайыр, жылкычы, кызылча және т.б. Бұл Б.Я.Владимирцовтың [7, 266], А.М.Щербактың [8, 122] хотон тілі қырғыз тіліне жақын деген пікірлерін дәлелдей түседі. Әрі хотон тілінде қ дыбысының орнына к, г дыбыстарының келуі, бұлардың бір дыбыстың үндесім варианты екенін көрсетеді.

Хотон тілінде жиі кездесетін дауыссыздар [Т] мен [Д] дыбыстары. Бұл фонемаларды айтқанда «тілдің ұшы үстіңг күрек тіске жабысып, ауа жорлын бөгейді де, тез ажырайды» [9, 68]. [Т] дыбысы сөздің барлық шенінде кездесе беретін актив фонемалардың қатарына жатады: тілі (тіл), төрт, таксырь (тақсыр), тамырдай, тонгуь (доңыз), тұрат (тұр), ата (ат-жылқы), ата, ота (от), иты (жеті), кантатъ (қайтеді), йіт (ит). Сол сияқты [Д] дыбысы да сөз басында, ортасында және соңында кездеседі: душмээн (дұшпан), дөнжин (дөнежін), дөнин (дөнен), мурда (мұрын), молдо (молда), абдал (әбдіре), атааганд (жылқы), онд (бауырсақ). Бұл дыбыстардың бір-бірінен айырмашылығы [Т] қатаң, ал [Д] ұяң дауыссыздар қатарын құрайды.

Хотон тілінде жиі кездесетін фонемалардың бірі – [ч] дыбысы. Бұл дыбыс та сөздің барлық шенінде кездесе береді: чикса (шықса), чөрчән (жаулық), чапан (жейде), кичкиня (кішкене), кокъ чичканъ (көк тышқан), чачибыкъ (шашбау), бобичек (бөбешік), ички (ешкі), кічинә (кішкене), агачъ (ағаш). Жалпы түркі тілдерінде [ч] сөз басында жиі қолданылады әрі мағына ажыратушылық қасиеті бар фонема ретінде қарастырылады. Хотон тілінде де бұл фонема сөз басында жиі қолданылады. [Ч] дыбысы сөз ішінде қолданылу ерекшелігі жағынан да, жасалуы жағынан да қырғыз тіліндегі [ч] дыбысына ұқсас болып келеді. Қырғыз тілінде де бұл фонема «Төл сөздөрдүн башында да, ортосунда да, соңунда да келе берет: чал, чак, ча-ка, а-ча, бе-чел, күч, чач, тынч ж.б.» [10, 124]. Ал «Жасалуу орду боюнча тил учу алдыңқы таңдайчыл (бүйлөчүл) үнсүз деп табылат. Өпкөден чыгып келаткан аба басым менен адегенде жарылып барып тоскоолду ачып, жарылма шыбыш чыгарат андан соң жылчыкка айланган тоскоолдон кысылып өтүп, шуулдама шыбыш чыгарат» [10,123]. Хотон тіліндегі [ч] дыбысы қазақ тіліндегі [ш] дыбысымен (ч~ш) алмасады: хот. арчанъ – қаз. арша; хот. үчү – қаз. үш; хот. чолпанъ – қаз. Шолпан және т.б.

Хотон тіліндегі келесі дауыссыздар – [ш], [с], [з] дыбыстары. [Ш] дыбысы сөздің барлық шенінде ұшырасады: шаадаг (терлік шапан), яшка яшь (жасқа жас), гушь-күс, баштаганъ-бастаған, аштах (астық), беші (бес), гөш(ет) іш, тіш (тіс). Жоғарыда берілген сөздерде, көп жағдайда, хотон тіліндегі [ш] дыбысының қазақ тіліндегі [с] дыбысына сәйкесетіні (ш~с) байқалады: хот. баштаганъ – қаз. бастаған; хот. аштах – қаз. астық; хот. кушь – қаз. күс. [С] мен [ш] дыбысының алмасуы, бұл дыбыстардың жасалым белгілерінің ұқсастығына да

байланысты екенін ескеруіміз керек. Бұл екі дыбысты айтқанда дауыс желбезегі тербелмейді, яғни екеуі де қатаң дыбыс. Әрі екеуі «тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шекарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссызы» болып табылады [5, 77]. Ал хотон тіліндегі [с] дыбысы қазақ тіліндегі [з] дыбысына сәйкеседі (с~з): хот. отус – қаз. отыз; хот. сегіс – қаз. сегіз; хот. тоғус – қаз. тоғыз, хот. бос – қаз. боз және т.б. Хотон тілінде [з] дыбысы да кездеседі, ол сөздің барлық шенінде ұшырасатын, ұяң, тіл алды дауыссыз дыбыс: зенсе (жеңге), зургаадай (арпа), үз (жүз), туз (түз), оза (ауыз), семез (семіз), гоз (етік), биз (бір) және т.б. Қолданылу ерекшелігі жағынан бұл дыбыс та сөздің барлық позициясында ұшырасатынын көреміз.

Келесі дауыссыз – [р] дыбысы. Хотон тілінде бұл дыбыс сөздің ортасында және соңында жиі кездеседі: гурт (құрт), імрәк (жас), сэрхээг (сиреу), тұр, бірі (бір), емпр (кемпір), йер (жер), йүр (жүр), бер және т.б. Хотон тілінде сөз соңында қолданылған [р] дыбысы [ь] белгісімен не [ъ] белгісімен қолданылады. Жалпы кейбір түркі тілдерінде дауыссыздардың әрі жуан, әрі жіңішке айтылуы кездеседі. Зерттеушілердің пікірінше, чуваш тілінде «л, н, т, р дыбыстары міндетті түрде сөз құрамында әрі «жуан», әрі «жіңішке» айтылады» [4, 51]. Хотон тілінде де р, л, н дыбыстарының жуан, жіңішке нұсқаларын кездестіруге болады. [Р] дыбысы [ь] белгісімен қолданылғанда жіңішке: бөрь (бөрі), ал [ъ] белгісімен қолданылғанда жуан айтылады: ярь (жар), аркарь (арқар), барь (барыс), Кункярь (жалқы есім), сарь (сары). Осындай жайтты [л] дыбысына да қатысты айтуға болады. Потанин жазбаларында [л] дыбысы көбіне [ъ] белгісімен беріледі: малъ (мал), мараль (марал), гульджа (кұлжа), кызыль (қызыл). Жалпы [л] дыбысы – жасалу орнына қарай тіл ұшы, дауыс қатысына қарай үнді дауыссыз. Сөздің бірінші буынында, ортасында, соңында кездесе береді: үлөөк(бөбек), ерле (жерле), кезәл (кездеме) және т.б. Сонымен қатар Потанин жазбаларында сөз соңындағы [Н] дыбысының жуан түрін де [ъ] белгісімен береді: коянь (қоян), кайданъ (қайдан), сар чичканъ (саршұнак), суулаганъ (суды), чичканъ (тышқан), яратканынь (Жаратқаным).

Хотон тіліндегі актив фонемалардың бірі – [Й] дыбысы. Бұл дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында қолданылады және де хотон тілінде бұл дыбыстың сөз басында қолданылу жиілігі жоғары: йерде (жерде), йасы (жасы), йерләгән (жерлеген), йаны (жаны), үй йакшы (жаксы), йер-су (жер-су), йете (жеті), кайданъ (қайдан), айр (айыр), той, бай. С.Е.Малов сөз ішінде [Й] дыбысының қолданылу шегіне қарай түркі тілдерін екі топқа бөледі: «Все древние и современные нам тюркские языки можно очень хорошо разделить на две большие группы по признаку присутствия или отсутствия звука й в известных позициях ряда слов...» [11, 140]. Зерттеуші сөз басында, сөз ортасында [Й] дыбысының қолданылуы жаңа түркі тілдеріне тән позиция деп қарастырады. Жалпы [Й] дауыссызы сөз басында көптеген түркі тілдерінде кездеседі [4, 55]. Қазақ, қырғыз тілдерінде [й] дыбысы сөз басында мүлдем кездеспейді. Хотон тіліндегі [Й] дыбысы сөз басында қолданылғанда қазақ тіліндегі [ж] дыбысына (й~ж) сәйкес келеді: хот. йылдыс – қаз. жұлдыз, хот. йок – қаз. жоқ және т.б.

[Ж] дыбысын айтқанда «дауыс желбезегі жартылай тербеледі» [5, 84], ұяң, тіл алды дауыссыз дыбысы, ол сөздің барлық деңгейінде кездеседі: жилхә (жылқы), жырман (жиырма), жирэм (жиырма), жогомтой (май), дәнжин (дөнежін), көгөлжиргин (көгершін), кебежа (кебеже), береж (плащ) және т.б. Хотон тілінде кейбір сөздердің құрамында [ж] дыбысының алдынан [д] қосылып жазылады: джемьсь (жеміс), гульджа (кұлжа) және т.б. Жалпы «Әзірбайжан, түрік, қырғыз тәрізді тілдер құрамында жалаң ж фонемасынан басқа аффрикат дж фонемасы айтылады» [4, 53]. Кейбір түркі тілдерінде диалектілік сипатта да кездеседі. Сондықтан бұның хотон тілінде де кездесуі заңды құбылыс.

[Х] дыбысы қатаң, тіл арты дыбысы болып табылады. Бұл дыбыс та сөздің барлық шенінде қолданыла береді: хан, ходжам (қожам), кхазан (қазан), кхачан (қашан), кхатан (қатын), кхоб (қобу), кхоју (қой), кхудай (Құдай), хөхүүр (көрік), сэрхээг (сиреу), бэрхлэнгэр (келін), талха (талқан), аштах (астық), жүгийх (жүген). Жоғарыда берілген мысалдардан [х] дыбысының сөз басында [к] дыбысымен тіркесе қолданылады [кх], бұл дыбыстық тіркес қазақ тіліндегі [қ] дыбысына сәйкес келеді (кх~қ): хот. кхазан – қаз. қазан; хот. кхачан – қаз. қашан; хот. кхатан – қаз. қатын; хот. кхоб – қаз. қобу; хот.кхоју – қаз. қой; хот. кхудай – қаз. құдай.

Хотон тілінде кездесетін келесі дауыссыз – [в] дыбысы. Көптеген тілдерде бұл дыбыс орыс тілінің ықпалымен енген дыбыс қатарына жатады. Бірақ кейбір тілдерде бұл дыбыс таза түркілік сөздер құрамында фонетикалық өзгерістердің нәтижесінде пайда болған. М. Томанов «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» деген еңбегінде [в] дыбысының тілдерде қолданылуы: «...сыртқы әсердің нәтижесі деп қарауға болмайды, олар кейде тіл құрамында немесе сөз құрамында болған фонетикалық өзгерістердің нәтижесі болып табылады... таза түркілік сөздер құрамында в дыбысының айтылуы бар факты екені әзірбайжан, түркі тілдерінің материалдарымен ғана емес, түркі тілдерінің шығысында орналасқан салар, сары ұйғыр тілдерінен де көрінеді» деген пікірді айтады [5, 52]. Хотон тілін зерттеуші ғалымдар бұл тілдің сары ұйғыр тілімен де байланысы бар екенін берген [12, 181]. Ендеше, хотон тіліндегі [в] дыбысының пайда болуы сөз құрамында болған фонетикалық өзгерістердің нәтижесі деуге негіз бар. [В] дыбысы хотон тілінде сөздің басында, ортасында және соңында да кездесіп отырады: вулбааг (белбеу), ваштаак (шідер), авшиха (кәрі), баврам (інісі), туварь (туар, ұрғашы), тавг (табақ), хуэв (күйеу бала), хэв (өзен ағатын үлкен арық). Хотон тілінде [в] дыбысының орнына [w] таңбасын пайдаланатын тұстары да кездеседі. Владимирцов жазбаларында [в] әріпі кездеспейді, бірақ [w] таңбасымен 5 сөз берілген: авшыхан (кәрі, қарт), ер-суw (жер-су), тавшак (тиыш-ак), йит тавшак турат (ит тыныш тұрады), Шава (Хотын көсемі). Ал «СОЛОНГО-2020» жинағында «кәрі» сөзі «авшиха» деп [в] әріпімен ұсынылған. Бұл дыбыстың жасалуында тіс пен ерін қатар қатысады.

Хотон тіліндегі келесі дыбыс – [ц]. Бұл дыбыс хотон тілінде сөздің барлық шенінде кездесе береді: цагмаар (жігіт), хувцасны нэр (киім атаулары), тоорцог (торсық), цэгдэг (камзол). Жалпы [ц] дыбысы түркі диалектілерінде сақталған. «Әзербайжан тілінің ордубад диалектісінде: цай «чай», цыраг «свеча», цыхыр «выходить» (әзербайжан әдеби тілінде бұл сөздер ч-мен дыбысталады). Қырғыз тілінің солтүстік диалектісінде: цай «чай», неце «сколько», кьанца «почем». Татар тілінің мишар диалектісінде цалгы «коса», быцаг «нож», цац «волосы». Қараим тілінің галицк диалектісінде цайпа «уничтожить», цайка/цыйка «помешать», цызасен/цзысын «ты чертит, рисуешь», цац «волосы», ацы «горький», балцык «глина», цериу «войска», цап «покрывать», цецек «светок», цинцик «птичка», ццкир «чихать», цек «граница», увуц «ладонь», бунца «сколько» түбір сөздері тракай диалектісінде ч-мен айтылады» [13, 169]. Жалпы бұл дыбыстың хотон тілінде қолданылуы монғол тілінің ықпалымен байланысты болса керек. Монғол тілінде «...ц аффрикаты өзге дыбыстармен тең дәрежеде қолданыла береді. Мысалы, монғол тілінде цаг «время» - көне түркі т. чак, тува т. шаг, қырғыз т. чак, түркімен т. чаг, ұйғыр т. чағ//чақ, өзбек т. чоғ, қазақ, қарақалпақ т. шақ; монғол тілінде цолмон «венера» - тува т. шолбан, алтай т. чолмон, қырғыз т. чолпон, қазақ, қарақалпақ т. шолпан...».

ҚОРЫТЫНДЫ

Кез келген тілдің дыбыстық жүйесінің ерекшелігін саралауда, оны басқа туыстас тілдермен салыстыра зерттеу маңызды болып табылады. «Throughout their history and in spite of their huge area of distribution, Turkic languages share essential structural features» [14, 30]. Түркі тілдерінің тобына жататын хотон тілінің де түркі тілдеріне тән ортақ белгілер айқын байқалады. Хотон тіліндегі дауыссыз дыбыстар құрамын айқындауда, оны түркі тілдерінің ішінде қазақ және қырғыз тілдерімен салыстыра қарастырдық. Бұл хотон тіліндегі дыбыстардың санын, оның өзгеру, даму жүйесін анықтауға мүмкіндік береді. Кез келген тіл «тарихи даму сатысында... өзгеріске ұшырап, туыс не туыстас тілдер арасында өзіндік ерекшелігімен айқындалатыны байқалды» [15, 94]. Әрине, хотон тіліндегі дауыссыз дыбыстар сан жағынан да, акустика-артикуляциялық ерекшелігі жағынан да толық айқындалды деп айту қиын. Дегенмен түркі тілдеріне тән ортақ, ұқсас дыбыстармен салыстыра отырып, хотон тіліндегі дауыссыз дыбыстардың саны, сөз ішінде қолданылу позициялары сараланды. Хотон тіліндегі кейбір дауыссыздардың пайда болуына сыртқы факторлардың да әсері болса, кейбір дыбыстар тілдің даму барысында өзгерістерге ұшыраған

дыбыстар болып табылады. Хотон тіліндегі дауыссыздардың басым бөлігі қазіргі түркі тілдерінде кездесетін дауыссыздар екені байқалады.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала AP19675461 «Жоғалып бара жатқан түркі тілдерін пәнаралық тұрғыдан зерттеу: Монғолиядағы хотон этнотобы» атты гранттық жоба аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жақыпов Ж.А., Әбдікәрім Н. Түркілік «хотон» ұлысын лингвоэтнологиялық барлау //Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы, фил. сер. –2023. № 4. –179-187 бб. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-145-4-179-187>
- 2 Nurmanov F.I. On the historical development of phonetics of the turkic languages [Electronic resource] –2021. –URL: <file:///C:/Users/w2/Downloads/382-Article%20Text-851-1-10-20211216.pdf> (дата обращения: 12.04.2022).
- 3 Namazova A. M. The main features of the sound system of turkic languages //Endless Light in Science International Scientific Research Journal, Pedagogical Sciences 2021 pp.109-114. DOI: 10.24412/2709-1201-2024-109-114
- 4 Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. –192 б.
- 5 Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. –312 б.
- 6 Johanson L. Turkic Languages [Electronic resource] –2006. –URL: https://dl1.cuni.cz/pluginfile.php/476235/mod_resource/content/0/turkic%20languages%20encyclopedia.pdf (дата обращения: 12.04.2022).
- 7 Владимирцов Б.Я. Турецкий народец хотоны //Записи Восточного Отделения Императорского Русского Археологического Общества. – Петроград. 1915. –Т.23 – с. 265-277.
- 8 Щербак А.М. Введение в сравнительное изучение тюркских языков. – Санкт-Петербург, 1994. – с. 192 .
- 9 Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: Дәуір - Кітап, 2013. –220 б.
- 10 Садыков Т.С., Токтоналиев, К.Т. Азыркы кыргыз тили: фонетика жана фонология. – Б.: Имак Офсет, 2015. – 360 б.
- 11 Малов С.Е. Древние и новые тюркские языки //Известия АН СССР. Отделение литературы и языка. – Москва, 1952. – Т. XI. Вып. 2. – с. 135-143.
- 12 Тюркологический сборник. – Москва: Наука, 1978. – с. 304 .
- 13 Раева Г.М. Түркі тілдеріндегі қатаң ч,ц аффрикаттары туралы //Ф.Мұсабекова және тіл білімі мен әдістеме мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2009. – 167-171 б.
- 14 Johansson L. The Structure of Turkic from: The Turkic Languages [Electronic resource] –2021. –URL: <https://www.routledgehandbooks.com/doi/10.4324/9780203066102.ch3> (дата обращения: 12.04.2022).
- 15 Кенжалин Қ.К., Балтабай Д.Ә. Дауысты дыбыстардың тарихи өзгерісі //Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы, фил. сер. –2024. No1. –90-97 бб. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-146-1-90-97>

Материал 26.08.2024 баспаға түсті

Согласные звуки в хотонском языке

Л.А. Еспекова

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилёва, Астана, 010000, Республика Казахстан

В статье рассматривается хотонский язык, который еще не до конца изучен, относится к группе вымирающих языков. В качестве объекта исследования были взяты согласные звуки в хотонском языке. Основная цель работы – проанализировать состав согласных в хотонском языке, который относится к группе тюркских языков. В статье на основе реальных лингвистических данных анализируется количество согласных звуков в хотонском языке, особенности их образования.

В работе выделены особенности звукового строя хотонского языка, определены общие закономерности, характерные для тюркских языков. Важно сравнивать звуковой состав, особенности и законы любого языка с родственными языками. При определении особенностей звуковой системы хотонского языка сравнение его с казахским и киргизским языками помогает определить пути развития глухих фонем и изменения фонологической системы. Поэтому состав хотонских согласных сравнивается с тюркскими языками, в том числе с казахским и киргизским языками. На основе лингвистических данных дифференцированы акустико-артикуляционные особенности согласных хотонского языка. Также анализировались позиции согласных звуков в первом слоге слова, в середине слова, в конце слова, а также характер употребления некоторых согласных в начале слова.

Путем выделения звуковых изменений в хотонском языке сравнивались его внутренние закономерности с другими тюркскими языками и определялись родственные связи. При этом были описаны способы образования некоторых звуков и проанализированы особенности, соответствующие современному казахскому литературному языку. Наблюдается влияние внешних факторов на появление некоторых звуков в хотонском языке, их влияние на язык в определенной степени. На основе реальных лингвистических данных отражена адаптация хотонских согласных к тюркским языкам, сходство, общность многих согласных.

Ключевые слова: хотонский язык, казахский язык, киргизский язык, тюркские языки, согласные, голос, шум.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Жакупов Ж. А., Абдыкарим Н. Лингвоэтнологическая наблюдение тюркского улуса «хотон» //Вестник им. Л. Н.Гумилева, фил. сер. –2023. № 4. - С. 179-187. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-145-4-179-187>
- 2 Nurmanov F.I. On the historical development of phonetics of the turkic languages [Electronic resource] – 2021. - URL: <file:///C:/Users/w2/Downloads/382-Article%20Text-851-1-10-20211216.pdf> (дата обращения: 12.04.2022).
- 3 Namazova A. M. The main features of the sound system of turkic languages //Endless Light in Science International Scientific Research Journal, Pedagogical Sciences 2021 pp.109-114. DOI: DOI: 10.24412/2709-1201-2024-109-114
- 4 Томанов М. Сравнительная грамматика тюркских языков. - Алматы: Казах университет, 1992. – С. 192.
- 5 Жунусбек А. Казахская фонетика. - Алматы: Арыс, 2009.- С.312.
- 6 Johanson L. Turkic Languages [Electronic resource] – 2006.– URL: https://d11.cuni.cz/pluginfile.php/476235/mod_resource/content/0/turkic%20languages%20encyclopedia.pdf (дата обращения: 12.04.2022).

- 7 Владимирцов Б. Я. Турецкий народец хотоны // Труды восточного отделения императорского русского археологического общества. - Петроград. 1915. – т. 23-С. 265-277.
- 8 Щербак А. М. Введение в сравнительное изучение турецких языков. - Санкт-Петербург, 1994. - С. 192 .
- 9 Мырзабеков С. Фонетика современного казахского языка. - Алматы: Эра-книга, 2013.- С. 220.
- 10 Садыков Т. С., Токтоналиев К. Т. Азырки кыргыз тили: фонетика жана фонология. – Санкт-Петербург: Имак Офсет, 2015. - С. 360.
- 11 Малов С. Е. Древнее и новые тюркские языки //Известия АН СССР. Оформление литературы и языка. - Москва, 1952. - т. XI. Вып. 2. - С. 135-143.
- 12 Тюркологический сборник. - Москва: Наука, 1978. - С. 304 .
- 13 Раева Г. М. О глухих ч,ц аффрикатах в тюркских языках //Материалы международной научно-теоретической конференции Ф. Мусабекова и проблемы языкознания и методологии. - Алматы, 2009. - С. 167-171.
- 14 Johansson L. The Structure of Turkic from: The Turkic Languages [Electronic resource] –2021. –URL: <https://www.routledgehandbooks.com/doi/10.4324/9780203066102.ch3> (дата обращения: 12.04.2022).
- 15 Кенжалин К. К., Балтабай Д. А. Историческое изменение гласных звуков // Вестник им. Л. Н. Гумилева, фил. сер. –2024. No1. - С. 90-97. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-146-1-90-97>

Материал поступил в редакцию журнала 26.08.2024

Consonant sounds in the khoton language

L. Yespekova

Eurasian National University named after L.N.Gumilyov, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

The article examines the Khoton language, a less-studied language belonging to the group of endangered languages. The focus of the study is on the consonant sounds in the Khoton language. The primary aim of the work is to analyze the composition of consonants in the Khoton language, which belongs to the group of Turkic languages. Based on authentic linguistic data, the article analyzes the number of consonants in the Khoton language and the characteristics of their formation.

The study highlights the distinctive features of the sound structure of the Khoton language and identifies general patterns that are characteristic of Turkic languages. It is important to compare the sound composition, features, and laws of any language with related languages. When determining the features of the sound system of the Khoton language, comparing it with the Kazakh and Kyrgyz languages helps to determine the ways of development of voiceless phonemes and changes in the phonological system. As such, the composition of Khoton consonants is compared with the Turkic languages, including the Kazakh and Kyrgyz languages.

The article further differentiates the acoustic-articulatory features of the consonants of the Khoton language based on linguistic data. It also analyzes the positions of consonant sounds in the first syllable of a word, in the middle of a word, at the end of a word, as well as the nature of the use of some consonants at the beginning of a word.

By identifying sound changes in the Khoton language, the study compares its internal patterns with other Turkic languages and establishes family connections. At the same time, it describes the methods of formation of some sounds and analyzes the features corresponding to the modern Kazakh literary language. The influence of external factors on the appearance of some sounds in the Khoton

language is observed, noting their impact on the language to a certain extent. Based on real linguistic data, the adaptation of Khoton consonants to Turkic languages, the similarity and commonality of many consonants, are reflected.

Key words: khoton language, kazakh language, kyrgyz language, turkic languages, consonants, voice, noise.

REFERENCES

- 1 Jaqypov J.A., Äbdıkärim N. Türkılık «hoton» ülysyn lingvoetnologylyq barlau Vestnik Evraziskogo nasionälnoگو universiteta imeni L.N. Gumileva. [Bulletin of L.N. Gumilyov eurasian national university, Philology series], 4, 179-187 (2023). [in Kazakh]
- 2 Nurmanov F.I. On the historical development of phonetics of the turkic languages [Electronic resource] – 2021. - URL: file:///C:/Users/w2/Downloads/382-Article%20Text-851-1-10-20211216.pdf (date of application 12.04.2022).
- 3 Namazova A. M. The main features of the sound system of turkic languages //Endless Light in Science International Scientific Research Journal, Pedagogical Sciences 2021 pp.109-114. DOI: DOI: 10.24412/2709-1201-2024-109-114
- 4 Tomanov M. Türkı tilderiniñ salıstırmaly gramatikasy [Comparative grammar of the Turkic languages] (Almaty,1992)
- 5 Junusbek A. Qazaq fonetikasy [Kazakh phonetics] (Almaty, 2009).
- 6 Johanson L. Turkic Languages [Electronic resource] – 2006.– URL: https://d11.cuni.cz/pluginfile.php/476235/mod_resource/content/0/turkic%20languages%20encyclopedia.pdf (date of application: 04/12/2022).
- 7 Vladimirsov B. İa. Tureski narodes hotony [Trudy vostochnogo otdelenia imperatorskogo ruskogo arheologicheskogo obşestva] t. 23, 265-277 (1915). [in Russian].
- 8 Şerbak A. M. Vvedenie v sravnitelnoe izuchenie tureskih iazykov [An introduction to the comparative study of Turkish languages] (Sankt-Peterburg, 1994).
- 9 Myrzabekov S. Qazırgı qazaq tiliniñ fonetikasy [Phonetics of the modern Kazakh language] (Almaty, 2013).
- 10 Sadykov T. S., Toktonaliev K. T. Azyrki kyrgyz tili: fonetika jana fonologia [Modern Kyrgyz language: phonetics and phonology] (Bishkek, 2015).
- 11 Malov S.E. Drevnie i novye türkskie iazyki. Otdelenie literatury i iazyka. [İzvestia AN SSSR], T. III. Vyp. 2. 135-143 (1952) [in Russian].
- 12 Türkologicheski sbornik. (Moscow, 1978).
- 13 Raeva G.M. Türkı tilderindegi qatañ ch,s afrikattary turaly [F.Müsabekova jäne tıl bilımı men ädisteme mäseleleri» atty halyqaralyq ğylymi-teorialyq konferensia materialdary] 167-171 [in Kazakh].
- 14 Johansson L. The Structure of Turkic from: The Turkic Languages [Electronic resource] – 2021. –URL: <https://www.routledgehandbooks.com> (дата обращения: 12.04.2022).
- 15 Kenjalın Q.K., Baltabai D.Ä. Dauısty dybıstardıñ tarihi özgerisi, Vestnik Evraziskogo nasionälnoگو universiteta imeni L.N. Gumileva. [Bulletin of L.N. Gumilyov eurasian national university, Philology series], 1, 90-97 (2024). [in Kazakh]

Received: 26.08.2024